

130°C фракциядан — бензол, толуол және ксилолдар бөлініп алынады. Бұл фракцияны гидрогендеп өңдеу арқылы ароматты көмірсутектердің ішіндегі ең құндысы - тек бензолды ғана алуға мүмкіншілік беретін әдістер жасалынған. 130-160°C және 160-200°C фракциялары синтетикалық мұнайполимерлік шайырлар–стиролдық және кумарониндендік шайырлар алу үшін полимерленуге жіберіледі. 200-230°C фракциясы нафталин алу үшін шикізат ретінде, ал 230°C-ден жоғарғы фракция–техникалық көміртегі (күйе) алу үшін қолданылуы мүмкін.

## 2.5.2. Пиролиз қондырғысы

Пиролиздің жаңа заманғы қондырғысы келесі блоктардан тұрады: көмірсутектік шикізат пиролизі, пиролиздік газды компрессиялау және тазарту, газды бөлу, пиролиз шайырын өңдеу.

**Технологиялық сұлбасы.** Бензиндік фракциялардың пиролиз қондырғысының сұлбасы 8-суретте келтірілген. Шикізат 1,0-1,2 МПа қысыммен *T-1* бу қыздырғышына беріледі, 100°C дейін қыздырылады және қыздырылған су буымен араласқаннан кейін, пиролиз пешінің конвекциялық камерасына *П-1* келіп түседі. Мұнда бензин буланады және 500-600°C дейін қыздырылады, одан кейін радиантты камераға келіп түседі, онда көмірсутектердің ыдырауы жүреді.

Пештен 750°C температурамен және 0,2-0,22 МПа қысыммен шыққан пиролиз газы *A-1* шынықтыру камерасына бағытталады, онда 700°C дейін осы камераға жіберілген бу конденсатының булануы есебінен тез салқындайды. Тез салқындаумен олефиндердің полимерленуінің және конденсациялануының екіншілік реакциялары тоқтатылады.

Одан кейін пиролиз газдары 400°C дейін *T-2* шынықтыру-буландырғыш агрегатында салқындатылады, онда олардың жылуы су буын алу үшін пайдаланылады. *T-2*-ден газдар *E-1* аппаратына өтеді, онда температурасы 70°C болатын сіңіргіш май бүркеледі. Пиролиз газдары 180°C дейін салқындатылады және одан ары қарай өңдеуге бағытталады. Қондырғы құрамында жылу алмастырғыштардан, пиролиз пешінен, шынықтыру камерасынан, шынықтыру-буландыру агрегатынан және майды бүркеуге арналған аппараттан тұратын бірнеше пештік агрегаттар бар. Барлық пештік агрегаттардан салқындаған пиролиздік газдар жалпы коллекторға бірігеді және жуылу үшін *K-1* біріншілік ректификациялау мұнараларына